

*Жаңа сабақ*

**Мұхтар Шаханов**

**“Отырыр”  
дастаны**



## Сабақтың мақсаты

- **1. Білімділігі:** М.Шахановтың өмірі мен шығармашылығына кеңінен түсінік бере отырып, “Отырыр” шығармасындағы кейіпкерлерге мінездеме беру, өлеңнің идеясы мен мазмұнын ашу, құрылысына талдау жасау;
- **2. Дамытушылығы:** Мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру, тіл байлығын арттыру, ойлау қабілетін дамыту. Өзіндік шығармашылық ізденуге баулу;
- **3. Тәрбиелігі:** Ақын шығармасындағы оқиға негізінде оқушыларды елді күшпен емес, ақылмен билеу секілді игі істерге үйрету, ел алдындағы парызын түсіне білуге, ерлікке, қайсарлыққа тәрбиелеу.

# Сабақтың барысы

**I**  
Ұйымдастыру

**II** Үй  
тапсырмасын  
тест арқылы  
пысықтау

**III**  
Жаңа  
сабақ

**IV**  
Автор  
туралы мәлімет

**V**  
Оқулықпен  
жұмыс

**VI**  
Шығарма  
құрылысы

**VII**  
Кейіпкерлерді  
ажырату

**VIII**  
Мәтіндік  
талдау  
жұмысы

**IX**  
Ширату кезеңі

**X**  
Сен білесің  
бе?

**XI**  
Тест  
сұрақтары

**XII**  
Қорытынды  
лау




**Үй жұмысын  
пысықтауға арналған  
тест сұрақтары**

**Фариза Оңғарсынова қай жылы, қай жерде  
дүниеге келген?**

- А) 1931 ж. Алматы облысы , Нарынқол ауданы
- Ә) 1942 ж. ОҚ облысы , Отырыр ауданы
- Б) 1939 ж. Атырау облысы , Манаш ауылы

**Дұрыс жауабы: Атырау облысы , Манаш  
ауылы**

## Тест сұрақтары




Фаризаның тұңғыш жыр кітабы қалай аталады және қай жылы жарық көрді ?

- А) “Қырық мысыл ” 1909 ж
- Ә) “Бұлбұл ” 1967 ж.
- Б) “ Өмір –дария ” 1939 ж.

**Дұрыс жауабы: “Бұлбұл ” 1967 жыл**

## Мағынасын ашу

Түрін-ай! Түрін –ай! Асыл қандай!  
Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай.  
“Келе ғой, қошақаным,өзіме !” – деп,  
Әжем кеп сипағандай шашымнан жай –  
**деген өлең жолдарын қалай түсінесің,  
мағынасын аш.**







(1942 жылы туылған )

Мұхтар Шаханов

“Отырыр”  
дастаны



# Топтастыру стратегиясы



1942 жылы ОҚО,  
Ленгір ауданы,  
Қасқасу ауылында  
дүниеге келген.

7 жылдық мектепті бітірген соң “Жұлдыз” (қазіргі Сайрам ауданы “Коммунизм” колхозында трактор тіркеушісі, тракторшы

Шымкент  
заводында  
бетоншы

Желтоқсан  
құрбандарын  
ақтауға  
атсалысқан

**Мұхтар  
Шаханов  
кім ?**

Газеттерде корректор,  
әдеби қызметкер, меншікті тілші, бас редактор

Арал теңізі  
тағдырын  
көтеруші

Тіл  
тағдырының  
жанашыры

Бірнеше өлең кітаптардың  
және халық арасына кең тараған бірқатар әндердің авторы  
яғни ақын, сазгер



# Ә)Хронологиялық кесте

## М. Шахановтың Өмірі , Қызметі

1942 ж	Оңтүстік Қазақстан облысы Леңгір ауданындағы (қазіргі Төле би) Қасқасу ауылында дүниеге келген.
1961ж – 1965ж	«Оңтүстік Қазақстан» газетінде корректор, әдеби қызметкер.
1965ж – 1970ж	«Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің оңтүстік облыстардағы тілшісі.
1970ж – 1971ж	Шымкент облысының комсомол комитетінде бөлім меңгерушісі.
1971ж – 1976ж	Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеттің аға, бас редакторы.
1976ж – 1979ж	Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің қызметкері.

## Отырар өңірі туралы

**Отырар-** Әл-Фарабидей дананың, Өзбекәлідей ұлт мақтанышының, Шәмшідей сазгердің кіндік қаны тамған, ізі қалған жер.

**Отырар** - өзінің көне тарихи құндылықтарымен бүкіл әлем ғалымдарының, ЮНЕСКО-ның назарын өзіне аударған ұлттың рухани қазығы .

**Ұлы Отырар-** Елбасымыз айтқандай, “қазақ өркениетінің алтын діңгегі”

**Біріншіден,** бұл қала – адамзаттың екінші ұстазы Әл-Фарабидің Отаны. Бұл жерден одан бөлек тағы 21-ден астам әл-Фарабилер, жүзден астам ғалымдар, академиктер, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар мен өнер адамдары шыққан.

**Екіншіден,** Отырар өз заманындағы руханият астанасы болған Александриядан кейінгі әлемдегі ең үлкен кітапхананың осы қалада орналасуы.

**Үшіншіден,** Отырар өзінің қаһарман қорғаушыларымен өшпес даңққа бөленген, батырлықтың, отансүйгіштіктің теңдесі жоқ үлгісіне айналған қала.

**Сондай-ақ бұл жерде Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы бабтардың бабы Арыстанбаб жерленген.**

**Отырар** тарихта “Отырар ойраны” деген атпен қалды.

## Отырар туралы не білеміз?

- **Отырар**– ортағасырдағы ірі қала орны. Ол Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданына қарасты Темір ауылындағы теміржол стансасынан солтүстік батысқа қарай 7 км жерде орналасқан.
- Ол тарихта **Тұрарбанд, Тұрар, Тарбанд (Фараб)** деп аталады. **Отырар**–Ү–ХҮ ғғ. Арал бойындағы көшпелі тайпалармен сауда жасайтын орталық болған. Иран мен Орта Азиядан Сібірге, Монғолияға және Қытайға қатынайтын сауда жолындағы маңызды қала болған.
- Кейбір зерттеушілердің пікірінше, қалада сол кезде **Әлемдегі аса ірі кітапхана** және көптеген мешіт-медреселер болған.
- **1218 ж.** Хорезмшаһ Мұхамедтің **Отырардағы билеушісі Қайырханның** өмірімен **Шыңғыс хан** керуенінің саудагерлері өлтіріледі. Бұл Шыңғыс ханның Орталық Азияға шапқыншылық жасауына сылтау болды. Тарихи әдебиеттерде бұл қырғын “Отырар ойраны” деген атпен белгілі.
- **1219 ж.** күзде моңғол әскерлері Отырарға жетті. Моңғол шапқыншылығы салдарынан Отырар қиратылып, қала тұрғындары қырғынға ұшырады.

## Отырардың қоршауға алынуы.

- 1219 жылы Қыркүйек айында 200 мың адамнан тұратын моңғол әскері Отырарға шабуыл жасады. Шыңғыс хан әскерінің түменбасылары: Шағатай, Үгедей, Сүбедей, Жебе, Тоньшар Отырарды Қоршауға алды.
- 50 мың адамнан құралған әскері бар Қайырхан Отырарды табандылықпен Қорғайды. Олар Қала Қақпасын қатты бекітеді. Екі айдан аса отырарлықтар жаудан Қорғанады. Осы аралықта азық-түліктің Қоры таусылып, отырарда аштық орын ала бастайды. Аштыққа шыдамай, соғыс жеңіліспен аяқталады деп ойлаған Отырар әскерінің бір бөлігі моңғолдар жағына өтіп кетеді. Ал Хорезм шаһ Мұхаммед болса, өзінің 400 мың әскері бола тұра, Қол ұшын бермейді.

## Отырардың берілуі.

- Қоршауда 5 ай бойы болған Қайырханның әскерінде 20 мың адам ғана Қалады. 6 айға созылған соғыста шал-кемпірлер мен балаларда табан-тіресе шайқасты. Қала тұрғындары 2 ай бойы аш болды. Бірақ Қаншама шабуыл жасағанмен, моңғолдар Қаланы ала алмады. Шыңғысхан қаһарланып: "Бүкіл Қол Қырылса да, Отырарды алу керек!" - деген бұйрық береді. Күн санап Отырар тұрғындарының жағдайы нашарлайды. Азық-сулары таусылады. Отырарлықтар туған Қаласын Қорғауға барынша әрекеттенеді. Бірақ, не пайда, осы күндері адам ойламаған Қайғылы оқиға болады. Отырарға Хорезм шаһы көмекке жіберген Қарашоқы деген Қолбасы опасыздық жасап, Қараңғы түнде өздері Қорғап тұрған Қаланың Қақпасын моңғол әскерлеріне ашып береді. Қала тұрғындарының бірі Қалемей өлтірілді. Қала осылай Қирады.

Сабақтың барысы

# Оқулықпен жұмыс



## Сөздікпен жұмыс

Төске өрлеген – атағы шыққан

Осал тұсы - әлсіз жері

Алапатта - соғыста дегенді білдіреді

Тірі өлік – ұяттан өлу

Безбүйрек – ешкімге жаны ашымайды

Шарам нешік – амалым жоқ

## Шығарманың құрылысы (композициясы)

<b>Шығарманың бастауы</b>	6 ай бойы Отырарды ала алмаған Шағатай
<b>Дамуы</b>	Отырардың күйреуі
<b>Шарықтау шегі</b>	Шыңғысхан мен Қайырхан арасындағы арбасу
<b>Шиеленісі</b>	Қайырхан мен қария арасындағы әңгіме. Қайырханның тілегі .
<b>Шешімі</b>	Қарияның баланы құтқарып жіберуі

## **Кейіпкерлерді ажырату**



**Шыңғысхан-**

**Шағатай – Шыңғысханның баласы**


**Қайырхан –қолбасшы, Фараби мен Иасауидың  
жырларын дәріптеуші, батыр,аңқау  
дара тұлға .**

**Қарашоқы – сатқын, Отырардың қақпасын  
ашып берген жауыз**

**Қария – Қарашоқы сатқынның әкесі**

## Мәтінмен жұмыс

- а) Даңқың қайда төске өрлеген ?  
Екі жүз мың әскерменен  
Алты ай бойы кіп-кішкентай Отырарды ала алмау..  
Алты ай бойы Отырардың осал тұсын таба алмау.  
... Тек жеңіспен көзін ашқан  
Менің алғыр ұрпағымның сүйегіне зор таңба ,-  
**деп, Шыңғыс кімге ашу сөз айтып отыр.**
- ә) Мәтіннен Шыңғыс сөзін тауып оқы .
- б) Шыңғыс пен Шағатай тілдесулерінен не ұқтың ?






## Мәтінмен жұмыс

Алты ай бойы алапатта жеңілмеген Отырар ,  
Алты –ақ күнде жермен жексен қирады .  
Ұлы қала Азияның маңдайына сыймады ...  
Безбүйрек жау сәбилерді,  
Шал –шауқанды, кемпірді.  
Тіпті жүкті әйелдің де ішін жарып өлтірді,  
Содан бастап, Отырардың аянышты зарлы өмірі басталды -

деген өлең жолдарынан нені  
аңғаруға болады ?



## Мәтінмен жұмыс



Үш күннен соң екі адамды Шыңғысханға алып келді.

Шыңғысхан алдына алып келген екі адам кімдер ?

Қайран тірлік бақ пенен сор қырқысқан,  
Түлкі –сайға ,  
Қыран өрге тырмысқан.  
Екеуіне алма кезек көз тастап,  
Ұзақ , үнсіз, ойға шомды Шыңғысхан , -

дегендегі түлкі кім, қыран кім ? Неге олай дейді ?

Мәтіннен тауып, оқып бер.




## Мәтінмен жұмыс

- Ұлы ханым,  
Әділдік пе мұныңыз ?  
Өле -өлгенше боп өтейін құлыңыз.  
Отырарды мен қол ұшын бермесем,  
Оңай жаулап алар ма еді ұлыңыз ? –


деп, Шыңғыстың құрметіне бөленуді ойлап,  
опасыздық жасаған Қарашоқыға Шыңғыс қандай  
баға берді ? Мәтіннен тауып, оқып бер .





## Мәтінмен жұмыс

1. Сатқынның әкесін алдырып Шыңғысхан не туралы сұрады ? Оқып бер .
2. Қария не деп жауап берді ? Оның жауабынан қандай адам екенін білуге бола ма ?
3. Қайырхан өлім сағатын күткен сәтте не деді ? Нені армандады ? Ол арман орындалды ма ?



**Сабақты  
қорытындылап,  
бекіту**

**Осы шығарманы арқау ете  
отырып, Мұхтар Шаханов  
не айтпақшы болды деп  
ойлайсыңдар?**

**Елін, жерін сүйетін  
азамат болу**

**Еліне қастандық  
жасамау**

**Отанды аяққа  
таптамау**

**Халқына қиянат  
жасамау**

## **Шығарманың ой түйіндемесі**


1219 жылы қыркүйек айында Шыңғысхан жасағы Отырыр қаласын екі жүз мың әскермен қоршап алды. Бірақ қаншама шабуыл жасағанмен, моңғолдар қаланы ала алмады. Шыңғысхан қаһарланып: "Бүкіл қол қырылса да, Отырырды алу керек!" - деген бұйрық береді. Күн санап Отырыр тұрғындарының жағдайы нашарлайды. Азық – сулары таусылады. Әскер басшысы опасыздық жасап, қараңғы түнде өздері қорғап тұрған қаланың қақпасын ашып береді.

**Жау сақтындарды да, қала халқын да қырып салады. Қалаға жаппай от қояды. Сонымен алты ай бойы берілмеген, әлемге әйгілі Отырыр қаласының орнында төбе-төбе топырық пен күл үйінділері қалады.**


## Сен білесің бе ? Есіңде сақта...

1. Отырарда әлемнің 7 кереметінің бірі Александриядан кейінгі 2-ші кітапхана болған.
2. Екінші Аристотель әл-Фараби осы қаладан шыққан.
3. Қазіргі кезде ҚР бас муфтиі, шығыстанушы, профессор Ә. Дербіс Әлінің зерттеуінше Отырардан 21 (жиырма бір) Фараби шыққан.
4. Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы бабтардың бабы Арыстанбаб жерленген.

## “Мәдени мұра “жәдігерлері



Арыстан баб кесенесі



Қожа Ахмет Ясауи



Қорыту

Азаттық

Еркіндік

Бостандық

Тәуелсіздік

Сөз бостандығы

Теңдік

Ар-ождан бостандығы





*Оқушы білімін бағалау*

*Үйге тапсырма беру*

**\* Сабақ аяқталды,  
тыңдағандарыңызға,**

